

«Үздік арнайы педагог» байқауын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін «Үздік арнайы педагог» қалалық байқауын (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Байқаудың мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің озық идеяларын тәжірибеде іске асыратын шығармашыл жұмыс істейтін, дарынды педагогтерді анықтау және қолдау, арнайы педагогтің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру, педагогикалық инновациялар мен шығармашылық белсенділікті көтермелеу, педагогикалық тәжірибені жалпылау нысандарын жетілдіру.

1.4 «Үздік арнайы педагог» қалалық байқауының негізгі ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) болып табылады.

1.5. Байқауға Ереженің талаптарына сәйкес байқауға қатысуға өтінім берген, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының арнайы педагогі ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар арнайы педагогтер қатысады. Қатысушылардың жасы шектелмейді.

2. «Үздік арнайы педагог» байқауына қатысушылардың критерийлері мен номинациялары, атақты беру тәртібі

2.1. «Үздік арнайы педагог» атағы Байқауға қатысқан арнайы педагогтерге байқау негізінде беріледі;

2.2. «Үздік арнайы педагог» атағы бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді;

2.3. Байқауға келесі критерийлерге сәйкес келетін арнайы педагогтер қатысады:

- мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының штаттық педагогтері болып табылады;

- Байқауға қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар;

2.4. Байқау төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Үздік арнайы педагог» байқауының жеңімпаздары (I, II, III орын).

➤ «Үздік бейне-визитка» номинациясы;

➤ «Үздік бейнесабақ» номинациясы.

3. Байқауды өткізу тәртібі

3.1. Өткізу мерзімдерін нақтылай отырып, Байқауды өткізу туралы хабарландыру Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ байқау басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 20 күн бұрын Орталықтың интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

3.2. Байқау жыл сайын өткізіледі.

3.3. Байқауға қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін арнайы педагогтер өтінімді және барлық қажетті құжаттарды, конкурстық материалдарды береді. Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен нысандарға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну мерзімінен кеш түскен материалдар қаралмайды.

3.4. Байқауға қатысу үшін барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

3.5. Байқауды өткізу үшін Байқау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады (жауапты бөлім).

Байқау комиссиясы:

1) Байқау материалдарын дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Байқау нәтижесі бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) Қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

3) Байқау құжаттамасын (байқау тапсырмалары, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;

4) Білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т. б. жолдайды;

5) Байқау туралы ақпараттардың жария етілуін қамтамасыз етеді.

3.6. Байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар мен номинанттар айқындалады.

3.7. Педагогтердің Байқауға жіберген материалдарын тексеруге Әділ қазылар алқасы (бұдан әрі – Қазылар алқасы) құрылады, оның құрамы Орталықтың бұйрығымен бекітіледі. Қазылар алқасы құрамы Орталық қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, арнайы педагогтерге арналған кәсіби байқаулардың жеңімпаздарынан, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Қазылар алқасы мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Төрағасы Қазылар алқасы мүшелерінің арасынан сайланады. Әділ қазылар алқасы мүшелерінің отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

3.8. Байқау материалдары **2023 жылғы 7 желтоқсанға** (қоса алғанда) дейінгі мерзімде dop.inclusive@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіледі.

3.9. Байқауға қатысу үшін байқау материалдар пакетіне:

1) Қатысуға өтінім, сканерленген нұсқадағы нысанға (*Қосымша 1*) сәйкес;

2) Ашық іс-шараның (түзету сабағының, тәрбие іс-шарасының) 15-20 минуттан аспайтын бейнежазбасы, ашық іс-шараның технологиялық картасы (сабақ жоспары), ашық іс-шараның өзін-өзі талдауы кіреді. Байқау материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптар және оларды ұсыну тәртібі *2 - қосымшада* келтірілген.

3) Педагогтің бейне-визиткасы. (Техникалық шарттары және критерийлері *3 - қосымшада* көрсетілген.

4) Педагогтің электрондық портфолиосы. Құрылымы *4 – қосымшада* көрсетілген. (Портфолио презентация түрінде ұсынылады, 7 слайдтан аспауы керек)

Байқауға қатысу үшін жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Материалдарды ұсыну мерзімі 2023 жылғы 7 желтоқсаннан кешіктірмей қабылданады.

Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен, талаптарды сақтамай рәсімделген материалдар қаралмайды.

3.10. Байқаудың Қазылар алқасы құрамы ұсынылған материалдарды бағалайды, жеңімпазды айқындайды, әр номинация бойынша қатысушылардың рейтингін жүргізеді. Байқаудың нәтижелері Қазылар алқасы отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға электрондық пошта арқылы хабарланады.

4. Байқаудың қорытындысын шығару

4.1. Қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздары мен әр номинация бойынша жүлдегерлерін анықтайды және қосымша номинация тағайындауға құқылы.

4.2. Байқау жеңімпазы мен номинанттар рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

4.3. Байқау қорытындысы Орталықтың ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

4.4. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен марапатталады, қалған қатысушылары қатысушы сертификаттарын алады.

4.5. Номинация шеңберінде бәсекелестік орта болмаған жағдайда жеңімпаздар мен жүлдегерлер айқындалмайды.

**«Үздік арнайы педагог» байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымы:

I. Байқау қатысушысы туралы мәліметтер, ЖСН

1.1. Байқау қатысушысының тегі, аты, әкесінің аты (толық):

1.2. Лауазымы және жұмыс өтілі:

1.3. Мекенжайы, жұмыс орны:

Телефон:

Ұйымның электрондық пошта мекенжайы:

1.4. Байланыс телефоны:

Қатысушының электрондық пошта мекенжайы:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің осы қатысушыны (Өтінім берушіні) білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған конкурсқа ұсыну туралы шешімі:

Директор

Жеке қолы

Қолтаңбаның
толық
жазылуы

М.О.

**«Үздік арнайы педагог» байқауына бейнежазбаны ресімдеуге қойылатын
ТАЛАПТАР**

Сабақтың /оқудың/ тәрбие іс-шарасының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP (таңдау бойынша) кеңейтімі бар электрондық тасымалдағышта ұсынылады. Бейнежазба сабақтың/оқудың/тәрбие іс-шарасының технологиялық карта түріндегі жоспар-конспектсімен, сондай-ақ MSWord форматында ресімделген сабақтың өзін-өзі талдауымен сүйемелденеді.

Қоса берілген файлдардың мәтіні мынадай параметрлерді сақтай отырып ресімделеді:

- а) жоспар-конспект: парақтың бағдары – альбомдық; жиектері: сол – 1 см, оң – 1 см, төмен – 1,5 см, жоғары – 3 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14кегль; мәтін қарпі – Times New Roman, 12 кегль.
 - б) сабақтың/оқудың өзін-өзі талдауы: парақтың бағдары – кітаптық; жиектері: сол – 3 см, оң – 1,5 см, төмен – 1,5 см, жоғары – 2 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14кегль; негізгі мәтін қарпі – Times New Roman, 14 кегль.
1. Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 Гб-тан аспайды, форматтары стандартты: *.mp 4 немесе *.avi.
 2. Бейнероликтердің атауы «Қатысушының Т.А.Ә. Роликтің атауы. Ұйымның атауы» форматында жазылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау үшін электрондық пошта мекенжайы: [**dop.inclusive@mail.ru**](mailto:dop.inclusive@mail.ru)

Хаттың тақырыбында міндетті түрде Байқауға қатысушының Т.А.Ә, білім беру ұйымының атауы көрсетіледі.

**Педагогтің бейне-визиткасының техникалық
шарттары және бағалау критерийлері**

- Формат: DVD, MPEG4. Минималды рұқсат-720x480 (12:8 см).
- Бейнероликтің ұзақтығы-1,5 -2 минут.
- Қатысушының аты-жөні жазылған ақпараттық бастамамен ресімдеу.
- Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану-педагогтің қалауы бойынша.

Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, бейне фрагменттерді, арнайы әсерлерді, фондық музыканы пайдалануға болады.

Байқау тақырыбына сәйкес келмейтін және басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы бейнероликтер қабылданбайды.

Критерийлер

1. Плагиаттың болмауы, авторлық оқудың болуы;
2. Бейнеролик идеясының айқындығы;
3. Бейнематериалды берудің төлдаралығы;
4. Ақпаратты берудің толықтығы мен дұрыстығы;
5. Ақпараттың орындылығы, теңгерімділігі;
6. Бейнеролик дизайнының эстетикалығы;
7. Өзін-Өзі таныстыру қабілеті/кәсіби дағдылар.

Педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы
(презентация түрінде ұсынылады, 7 слайдтан аспауы керек)

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- 3x4 мөлшерінде фотосуретті міндетті түрде сала отырып, Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса).

- Жоғары білім туралы диплом;
- Ғылыми дәрежесі (бар болса);
- Біліктілікті арттыру (сертификаттар, куәліктер);

- Марапаттар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан (білімін растайтын құжаттардың сканерлері, курстардың өтуін, құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерлері).

2. Педагогикалық қызметінің мониторингі:

- соңғы үш жылдағы ЕББҚ бар балалардың білімі мен дағдыларының сапасын дамыту мониторингі және динамикасы;

- кәсіби конкурстарға өз қатысуы туралы мәліметтер (олар болған жағдайда сертификаттар, грамоталар);

- ЕББҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің нәтижелері, балаларды білім қатарға қосу.

3. Ғылыми-әдістемелік қызмет

Педагог жұмыс істейтін педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат:

- түзету-дамыту жұмыстарының қолданылатын технологияларын, әдістері мен амалдарын сипаттау;

- дидактикалық материалдың сипаттамасы (фотоматериалдар);

- педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар бойынша материалдар;

- зерттеу қызметі;

- авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдардың әзірлемелері, олардың хаттамаларының көшірлемелері (бар болса);

- білім беру және әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болса);

- шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеуі туралы мәліметтер;

- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

- тәжірибе алмасу бойынша жұмыс.

4. Сабақтан тыс жұмыстар:

- балалардың шығармашылық жұмыстары (бар болса);

- ата-аналардың, әріптестердің, педагогтардың, әлеуметтік серіктестердің, жұртшылықтың пікірлері;

- волонтерлік қызмет, қайырымдылық шараларына қатысу.